**«№4 жалпы білім беретін мектеп» КММ бойынша психологиялық- педагогикалық консилиумның хаттамасы №1**

23.09.2024 жыл Жаңа Дәулет ауылы

**Қатысқандар:**
А.Саргожаева – ОІМ;
А.Изимова – педагог-ассистент;
Г.Балаханова– педагог-психолог;
Т.Тасболатова – дефектолог;
Сынып жетекшілері: К.Жарбаева; Н.Аубасова; М.Әбиев; А.Қайырла; М.Худашева; Г.Мурзалиева; Кенжесариева Ж.
Пән мұғалімдері - 47

**Күн тәртібі**

1. 2024-2025 оқу жылына ППк жоспарын, ППк құрамын бекіту;
2. Мектеп дефектологы 2023-2024 оқу жылында жасалынған жұмыстар және алдағы уақытта қандай жұмыстар жасалынатыны туралы талқылау;
3. Мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтың оқушыларды жаңа оқу жылындағы зерттеулерінің нәтижесі, үйден оқытылатын оқушылар мен инклюзивті оқытылатын оқушылардың тізімін анықтау;

**Тыңдалды**

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша ОІМ А.Саргожаева сөйледі. Ол өз сөзінде Қазақстан Республикасының балаға қатысты мемлекеттік саясаты балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық және әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз етуге бағытталғанын, елімізде дамып келе жатқан инклюзивті білім беру тәжірибесі барлық білім алушылардың білім беру қажеттіліктеріне сәйкес келетін бейімделген білім беру ортасын құруға негізделгенін, балалардың барлық санаттары үшін ерекше білім берілуіне қажеттілігі (бұдан әрі – ЕБҚ) бар балалардың барлық санаттарының: денсаулығында проблемалары бар балалардың (әртүрлі бұзылушылықтары бар балалар, мүгедектігі бар балалар); қоғамда әлеуметтік бейімделу қиын (девиантты мінез-құлқы бар, әлеуметтік-экономикалық және әлеуметтік-психологиялық мәртебесі төмен), көшіп-қонушылар, оралмандар, босқындар отбасыларынан шыққан және мектептері жоқ елді мекендерде тұратын балалардың сапалы білім алуға тең қол жеткізуін қамтамасыз ету жолымен тегін жалпыға міндетті орта білім алу құқығын жүзеге асыруда тең мүмкіндіктер мен жағдайлар жасалып жатқандығын айта келе жаңа оқу жылына арналған педконсилиумның жоспарымен таныстырып өтті, сонымен бірге мектепте осы оқу жылында он ерекше білімді қажет ететін(1-4-сынып – 6 оқушы, 5-9-сынып – 4 оқушы), сондай-ақ денсаулығына байланысты бір үйден жеке оқитын білім алушы(2-сынып – 1 оқушы) бар екенін де айтып өтті және жаңа оқу жылынан педконсилиум құрамын жасақтауды ұсынды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша, мектеп дефектологы Т.Тасболатова 2023-2024 оқу жылында ерекше балалармен қандай жұмыстар жүргізілгенін, Ғайни Мирас инклюзив оқушы қатарынан шығарылғаны айтылды. Ерекше балалармен алдағы оқу жылында қандай жұмыстар жүргізілетіні туралы түсінік беріп өтті.

Үшінші мәселе бойынша мектеп педагог-психологы Ә.Танова сөйлеп, 1-сыныпқа қабылданған оқушылардың мектеп өміріне бейімделуін, ортаға қалыптасуын байқау мақсатында жүргізіліп жатқан бақылау нәтижесі бойынша оқушылардың жаңа ортаға бейімделуі қалыпты деңгейде, білім алушылардың көргенін, естігенін жүйелеуі, қабылдауы жақсы екендігін жеткізді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе жиналыс шешім етеді:
1.ППк жылдық жоспары бекітілсін және ППк құрамына төмендегі мүшелер енгізілсін:
А.Орынбасарова – мектеп директоры у.а;

А.Саргожаева –ОІМ;
Е. Дайнашов – ОІМ;
Қ.Төлегенова-ДТЖО;
Ә.Танова – педагог-психолог;
А.Изимова – педагог-ассистент;
Г.Балаханова – педагог-психолог,
Т.Тасболатова – дефектолог;
Ш.Абыханова – әлеуметтік педагог;
С.Досбосынова – мектеп медбикесі.

2.Пән мұғалімдері ерекше білімді қажет ететін білім алушылармен жұмыс барысында әдістемелік ұсынымдарды және Оқу-ағарту министрлігінің оқу бағдарламасын бекіту бойынша бұйрықтарын басшылыққа алсын;

3. Мектеп психологы мен әлеуметтік педагогтің оқушыларды жаңа оқу жылындағы зерттеулерінің нәтижесі қанағаттанарлық деп табылсын, жұмыстар жандандырылсын;

**Хаттаманы жасақтаған** **А.Сарғожаева**

**«№4 жалпы білім беретін мектеп» КММ бойынша психологиялық- педагогикалық консилиумның хаттамасы №2**

07.11.2024 жыл Жаңа Дәулет ауылы

**Қатысқандар:**
А.Саргожаева – ОІМ;
А.Танова – педагог-психолог;
Г.Балаханова– педагог-психолог;
Т.Тасболатова – дефектолог;
Қайырла А - сынып жетекші;
Пән мұғалімдері: Н.Достанова, А.Мурадова, Н.Көшенова, Б.Толеева,С.Турланова, Мирастың ата-анасы.

**Күн тәртібі**

1. 5 «Г» сынып оқушысы Серік Мирастың сабақ үлгерімі мен тәртібі туралы

**Тыңдалды**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша ОІМ А.Саргожаева кіріспе сөз сөйлеп, 5$^{г}$-сынып оқушысы Серік Мирастың пән мұғалімдерімен таныстырды, үлгерімі, тәртібі туралы пән мұғалімдерінің пікір білдіруі жұмыс барысының сапалы жүруі үшін қажеттігін ескертіп өтті.

**Сөйлеу:**

А.Саргожаева – қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінде оқушы сабақ үстінде көп жағдайда ұйықтап отырады, жазуды өзі орындамай басқа оқушыдан көшіріп немесе мұғалім берген тапсырманы мұғалімнің көмегімен орындайды. Сурет салуға икемі бар, сол себепті тақырыпқа қатысты сурет салуға тапсырма беремін, тапсыралар жеңіл түрде беріледі, десек те қойылған сұраққа мардымды жауап бермейді және өте жай сөйлейді.

Н.Достанова – орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі:

Оқушының көп жағдайда ұйықтап отырады,сабаққа құралсыз келеді. Сонымен қатар, сабақ үлгерімі төмен, мұғалімнің көмегімен тапсырма орындайды.

А.Мурадова – шет тілі пәні мұғалімі:

Оқушы сабаққа дайындықсыз, құралсыз келеді, жеңіл тапсырма бергеннің өзінде қате көп жібереді, тапсырма мұғалімнің көмегімен орындалады.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Турланова Саяжан:

Дене шынықтыру сабағында оқушының көп жағдайда сыныптастарымен сөзге келіп қалады, сол себепті көп жағдайда үстел ойындарын ойнатамын. Мирас көбіне шахмат, дойбы ойындарына қызығады.

Көркем еңбек пәні мұғалімі Көшенова Нұргүл:

Оқушы сабақ үстінде сурет салғанды ұнатады. Салған суреттері оқу мақсатына сай емес, басым бөлігі айдаһардың суреті. Оқушы сабақта көп сөйлемейді, тек сурет салумен айналысады.

Информатика пәні мұғалімі Толеева Баян:

Оқушы өте тұйық, қойылған сұрақтар жауапсыз қалады. Берілген тапсырмалар мұғалімнің көмегімен орындалады.

Мектеп психологы Танова Алия:

Оқушымен сөйлескен кезде өзі туралы мәліметті толық айта алмады. Математика пәні ұнайтындығын, бірақ метептегі программа ұнамайтындығы, ағылшын тілі пәнінің мүлдем ұнамайтындығы туралы айтты.

Бұдан соң мектеп дефектологы Тасболатова Түзелхан сөйлеп, ата-ана тарапынан жіберілген қателіктер туралы айтты. Алдағы уақытта баламен қарқынды жұмыс жасалуы қажет екендігі ескертілді.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе жиналыс шешім етеді:

1. II оқу тоқсаны бойы Серік Мирастың сабақ үлгерімі мен тәртібі қадағалансын, қорытындысы аудандық ПМПК ұсынылсын;
2. Ата-ана мен мектеп мұғалімдері ЕББҚ бар оқушының қажеттіліктерін ескере отырып, жан-жақты көмек көрсетуге жұмыстансын.

**Хаттаманы жасақтаған** **А.Танова**

**«№4 жалпы білім беретін мектеп» КММ бойынша психологиялық-педагогикалық консилиумның хаттамасы №3**

21.05.2025 жыл Жаңа Дәулет ауылы

**Қатысқандар:**
А. Сарғожаева – ОІМ;
А. Изимова – педагог-ассистент;
А. Танова – педагог-психолог;
Т. Тасболатова – дефектолог;
Сынып жетешілері: Э.Ещанова; Я.Медеуова; А.Құлжанова.
Пән мұғалімдері- 34

**Күн тәртібі:**

1. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша ПМПК-ға жолданатын білім алушылармен жүргізілген жұмыстар, үйден оқытылатын оқушылармен жасалған жұмыстың есебін тыңдау;
2. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жүргізіліп жатқан түзете-дамыта оқыту және психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарының барысы туралы;
3. Педагог-психологтың инклюзивті білім беру жағдайында ерекше білім алушыларға көрсеткен психологиялық қолдау қызметінің нәтижелерімен танысу.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі алғашқы мәселе бойынша ОІМ А.Сарғожаева сөз сөйледі. Ол өз сөзінде 2024–2025 оқу жылы барысында психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңеске (ПМПК) жолданатын білім алушылармен жүргізілген дайындық жұмыстарының барысы туралы баяндады. Атап айтқанда, 8-сыныпта оқитын оқушыны ПМПК қорытындысынан шығару мақсатында мектептің ішкі психологиялық-педагогикалық консилиумынан өткізу қажеттілігі туындағанын атап өтті. Сонымен қатар, 3 сыныпта үйден оқытылатын оқушыға қатысты жеке оқыту бағыты мен педагогикалық-психологиялық сүйемелдеу шаралары қарастырылғаны айтылды. 4 сыныпта психикалық дамуы тежелген, сөйлеу тілінің жалпы дамуының үшінші деңгейіндегі білім алушылармен жүргізілген жұмыстың мазмұны да талқыланды.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектептің дефектолог маманы Т.Тасболатова ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жүргізілген түзете-дамыту бағытындағы педагогикалық жұмыс барысын ұсынды. Дефектолог оқушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқу

процесіне бейімдеу, арнайы әдістемелер қолдану және жеке түзету бағдарламаларын іске асыру бойынша ақпарат берді.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша педагог-психолог А.Танова инклюзивті білім беруді қажет ететін оқушылармен жүргізілген психологиялық қолдау жұмыстарының мазмұны мен нәтижелерін баяндады. Ол бейімделу кезеңінен өту, әлеуметтік-психологиялық жағдайды анықтау, эмоционалды күйді бақылау, диагностика және коррекциялық іс-шараларды жүзеге асыру бойынша жүргізілген жұмыстарды таныстырды.

Күн тәртібіндегі мәселелерді талқылай келе жиналыс шешім етеді:

1. 2024–2025 оқу жылының қорытындысы бойынша ПМПК-ға жолданатын білім алушылармен жүргізілген жұмыстар, үйден оқытылатын оқушылармен жасалған жұмыстың есебін қанағаттанарлық деп танылсын;

2.1. ПМПК-ға жолданатын 8-сынып оқушысына мектепішілік консилиумның қорытындысымен анықтама әзірленсін. Оқушының даму динамикасы оң екенін және ақыл-есі қалыпты деңгейде екенін негізге ала отырып, ПМПК қорытындысынан шығару мәселесі қаралсын;

2.2. 3 -сыныпта үйден оқытылатын оқушыға арналған жеке білім беру бағдарламасының орындалуы жалғастырылсын. Үйден оқыту бойынша барлық мамандардың жүйелі жұмыс жүргізуі қамтамасыз етілсін;

2.3. 4-сыныпта психикалық дамуы тежелген, сөйлеу тілінің жалпы дамуының үшінші деңгейіндегі оқушылармен жүргізілетін логопедиялық, дефектологиялық, психологиялық жұмыстар кешені жалғасын тапсын. Олардың оқуға бейімделу деңгейін арттыру және жалпы сынып ұжымына кіріктіру жұмыстары тұрақты бақылауда болсын;

3. Пән мұғалімдері ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылармен жұмыс барысында Оқу-ағарту министрлігінің әдістемелік нұсқаулары мен нормативтік құжаттарын басшылыққа алып, түзетушілік-педагогикалық әдістерді қолдануды жалғастырсын.

**Хаттаманы жасаған:** **А.Танова**